

«Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің» атты студенттердің факультетаралық пәндік олимпиадасы

Қарағанды техникалық университеті, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының ұйымдастыруымен, 2022 жылдың 22 ақпанында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің» атты студенттердің факультетаралық пәндік олимпиадасы өтті. Пәндік олимпиаданы ұйымдастырушылар: ҚТЖМ кафедрасының меңгерушісі Қ.С.Қалыбекова, оқытушылар Н.М. Әубәкіров, А.Б. Аширбекова, М.А.Хасен. Олимпиада үш кезеңнен тұрады: I кезең – Шығарма; II кезең – Тестілеу; III кезең – Сөйлесім.

Олимпиаданың мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру; студенттердің оқу-танымдық білімдерін дамыту; халықтар достығын нығайтуға, мәдениаралық байланыс жасауға ықпал ету. Олимпиадаға университет факультеттерінен барлығы 17 студент өтінім білдірді. Олимпиада қорытындысы бойынша,

Бас жүлде - Э-21-2 тобының студенті Красотченко Марина (жетекшісі: Нығметова Н.Т.),

I орын - АРХ-21-3 тобының студенті Наймиллер Яна (жетекшісі: Байпелова Г.С.),

II орын – УиА-21-2 тобының студенті Папаладзе Сакина (жетекшісі: Абдыжадырова Т.Х.),

III орын – Ис-21-2 тобының студенті Ингатова Дарина (жетекшісі: Токишева Қ.М.) иеленді. Барлық қатысқан студенттерге Алғыс хат және жүлделі орындарға ие болған студенттерге Диплом және сыйлықтармен марапатталды.



